

Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы N 1083 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 514 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР 29.06.2023 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 16-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) туындыларды көпшілік алдында орындау жолымен пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары;

2) туындыларды көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары;

3) туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары;

4) дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығарғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.06.2019 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға қоса беріліп отырған авторлық сыйақының ставкалары туындыларды оларда белгіленген пайдалану түрлері үшін ең төменгі болып табылады деп белгіленсін. Сыйақының мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдерін тараптар авторлармен, олардың құқықтық мирасқорларымен не авторлардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен жасалатын авторлық немесе лицензиялық шартта белгілейді.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі екі ай мерзімде осы қаулымен бекітілген Авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын қолдану жөніндегі нұсқаулықты әзірлесін және бекітсін.

4. "Әдебиет пен өнер шығармаларын көпшілік алдында орындағаны, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын жасағаны үшін және оны өнеркәсіпте пайдаланғаны үшін авторлық сыйақы ставкалары туралы" Қазақстан

Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 9 ақпандағы N 142 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 6, 67-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 20 қазандағы

N 1083 қаулысымен

бекітілген

**Туындыларды көпшілік алдында орындау жолымен
пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі
ставкалары**

— Р/с| Туындының түрі |Бір туындыны немесе бағдар.

N | |ламаны көпшілік алдында

| |орындағаны үшін билеттерді

| |сатудан түскен жалпы жиынтық

| |соманың, шарт бойынша

| |кепілді төлем сомаларының не

| |кірістердің өзге сомаларының

| |пайызымен авторлық сыйақының

| |ең төмен ставкалары

| |_____

| | Көп актілі | Бір актілі

| | туындылар | туындылар

— 1 2 3 4

— Төлтума драмалық туындылар

— 1. Пьеса

проза түріндегі: 11 5,5
пьеса авторына 9 3,5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
өлең түріндегі: 13 6,5
пьеса авторына 11 4,5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
2. Балаларға арналған

пьеса
проза түріндегі: 12 6
пьеса авторына 10 4
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
өлең түріндегі: 13 7
пьеса авторына 11 5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
3. Қуыршақпен орындалатын пьесалар
проза түріндегі: 14 9
пьеса авторына 9 4
сценограф-суретшіге 3 3
костюм жөніндегі суретшіге 2 2
өлең түріндегі: 15 10
пьеса авторына 10 5
сценограф-суретшіге 3 3
костюм жөніндегі суретшіге 2 2

— Сахналаулар

— 4. Авторлық құқықпен қорғалмайтын
туындыларды сахналау: 7,5 5
сахналау авторына 3,5 2
әдеби туындының аудармашысына
(авторлық құқықпен қорғалмайтын
әдеби туындыны сахналаған жағдайда) 2 1
сценограф-суретшіге 1 1

костюм жөніндегі суретшіге 1 1
5. Авторлық құқықпен қорғалатын туындыны
сахналау: 10,5 5
әдеби туындының авторына 3 1
сахналау авторына 3,5 1
әдеби туындының аудармашысына
(әдеби туындының авторлық құқықпен
қорғалатын аудармасын сахналаған
жағдайда) 2 1
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1

— Драмалық аударма туындылар

— 6. Авторлық құқықпен қорғалмайтын пьесалардың аудармалары:
проза түріндегі: 6,5 4
аудармашыға 3 1,5
аралық аударманың авторына (авторлық
құқықпен қорғалатын аралық аударма
пайдаланылған жағдайда) 1,5 0,5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
өлең түріндегі: 7,5 4
аудармашыға 4 1,5
аралық аударманың авторына (авторлық
құқықпен қорғалатын аралық аударма
пайдаланылған жағдайда) 1,5 0,5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
7. Авторлық құқықпен қорғалатын пьесаларды аудару
проза түріндегі: 9,5 5,5
пьесаның авторына 2,5 1
аудармашыға 3,5 2
аралық аударманың авторына
(авторлық құқықпен қорғалатын
аралық аударма пайдаланылған
жағдайда) 1,5 0,5

сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
өлең түріндегі: 11,5 6
пьесаның авторына 3,5 1,5
аудармашыға 4,5 2,5
аралық аударманың авторына (авторлық
құқықпен қорғалатын аралық аударма
пайдаланылған жағдайда) 1,5 0,5
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1
8. Авторлық құқықпен қорғалатын
сахналаудың аудармасы: 10,5 5
әдеби туындының авторына 2 0,5
әдеби туындының аудармашысына
(авторлық құқықпен қорғалатын
әдеби туындының аудармасы
сахналанған жағдайда) 1,5 0,5
сахналау авторына 2,5 1
сахналау аудармашысына 2,5 1
сценограф-суретшіге 1 1
костюм жөніндегі суретшіге 1 1

— Музыкалық-драмалық туындылар

— 9. Опера: 18,5 8
композиторға 10 4
либретто авторына 5 2
хореографқа 1,5 1
сценограф-суретшіге 1 0,5
костюм жөніндегі суретшіге 1 0,5
10. Либреттосы аударылған опера: 18,5 8
композиторға 10 4
либретто авторына 2 1
либретто аудармашысына 2 1
либреттоны аралық аударған
аудармашыға (авторлық құқықпен
қорғалатын аралық аударма

пайдаланылған жағдайда) 1 0,5
хореографқа 1,5 0,5
сценограф-суретшіге 1 0,5
костюм жөніндегі суретшіге 1 0,5
11. Балет: 15 7
композиторға 7 3
либретто авторына 2 1
хореографқа 4 2
сценограф-суретшіге 1 0,5
костюм жөніндегі суретшіге 1 0,5
12. Оперетта, музыкалық комедия, мюзикл: 12 5,5
композиторға 4,5 2
либретто авторына 4,5 2
хореографқа 1 0,5
сценограф-суретшіге 1 0,5
костюм жөніндегі суретшіге 1 0,5
13. Мәтіні аударылған оперетта, музыкалық
комедия, мюзикл: 12,5 6
композиторға 4,5 2
либретто авторына 2 1
либретто аудармашысына 2 1
либреттоны аралық аударған
аудармашыға (авторлық құқықпен
қорғалатын аралық аударма
пайдаланылған жағдайда) 1 0,5
хореографқа 1 0,5
сценограф-суретшіге 1 0,5
костюм жөніндегі суретшіге 1 0,5
14. Драмалық туындыларды 1 (музыкамен
сүйемелдейтін музыка сүйемелденетін әрбір
актіге)

— Концерттік, эстрадалық, цирк, би бағдарламалары

— 15. Халық аспаптарына арналған симфониялық,
вокалдық-симфониялық, камералық
туындылардан концерт, хореографиялық

концерт 7

16. Концерттер, оның ішінде эстрадалық және басқалар, айтыстар мен терме 4

17. Цирк бағдарламасы 1,5

18. Цирк бағдарламасында кемінде бір дербес 1 (осы қосымшаның бөлімнен тұратын пантомима, феерил, 17-тармағы бойынша балет орындалғаны үшін есептелімдерге қарамастан әрбір бөлім үшін)

19. Цирк бағдарламасында кемінде бір дербес 1 (осы қосымшаның бөлімнен тұратын сюжеттік аттракцион 17-тармағы бойынша орындалғаны үшін есептелімдерге қарамастан әрбір бөлім үшін)

20. Кемінде бір дербес бөлімнен тұратын 0,5 (осы бағдарла. цирк пантомимасын, феерияны, балетті, маларды орындағаны аттракционды сүйемелдеу үшін үшін есептелімдерге арнайы жазылған төлтума музыка қарамастан әрбір орындалғаны үшін бөлім үшін)

21. Театрландырылған, эстрадалық, толық сюжетті жаңа жылдық қойылымдар үшін 3

22. Қуыршақ-марионеткалар спектакльдерін (әдеби мәтінсіз) және төлтума жанр әртістерінің (иллюзионистердің, психоэкспериментшілердің, экстра. сенстердің және т.б.) өнер көрсетуін сүйемелдейтін музыка үшін 0,5

23. Мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындыларды (туындыларды орындаушы-әртістердің көпшілік алдында орындауы да, фонограмманы көпшілік алдында орындау да), ақы төлеп кіргенде:

1) би алаңдарында, дискотекаларда, клубтарда, дәмханаларда, мейрамхана. ларда, сауықханаларда және басқа да қоғамдық орындарда ақы төлеп кіргенде де, кепілді төлем сомасынан да, оның ішінде мүшелік жарналардың, клуб

кәртiшкелерiнiң құнынан және соған
ұқсастардан; 4

2) көлікте (ұшақта, пойызда және т.б.) 0,001
орындағаны үшін (билеттердің құнынан)

24. Ақы төлеп кiретiн көпшiлiк ареналарда 1 (бүкiл бағдарлама
орындалатын мәтiнi бар немесе мәтiнi үшiн)

жоқ музыкалық туындыларды спорт
жарыстарын, спортшылардың өнер
көрсетулерiн, ойын аттракциондарын,
сән көрсетулерiн, көрмелер,
жәрменкелер, фестивальдар, конкурстар
және басқа да шаралар өткiзудi
сүйемелдеу ретiнде орындағаны үшiн

— Кинотеатрларда, бейнесалондарда және басқа қоғамдық
орындарда дыбыс-бейнежазу туындыларын (кино, теле, бейнефильмдер
және т.б.) көрсету кезiнде мәтiнi бар немесе мәтiнi жоқ музыкалық
туындыларды пайдаланғаны үшiн авторлық сый ставкалары

— 25. Кинотеатрларда, бейнесалондарда
және басқа қоғамдық орындарда
дыбыс-бейнежазу туындыларын (кино,
теле, бейнефильмдер және т.б.)
көрсету кезiнде мәтiнi бар немесе
мәтiнi жоқ музыкалық туындыларды
пайдаланғаны үшiн 1

— Тыңдаушылар үшiн кiру ақысыз болған кезде мәтiнi бар
немесе мәтiнi жоқ музыкалық туындыларды, әдеби туындыларды
орындағаны үшiн авторлық сыйақы ставкалары

— 26. Мәтiнi бар немесе мәтiнi жоқ музыкалық
туындыларды, әдеби туындыларды
орындаушы-әртістер де, техникалық
құралдардың көмегiмен де (кез келген

дыбыс тасығыштарының ойнатқыштары)

ақысыз кіретін

- 1) дискотекаларда 3 АЕК
 - 2) түнгі клубтарда 3 АЕК
 - 3) мейрамханаларда 2 АЕК
 - 4) дәмханаларда 1,5 АЕК
 - 5) кинотеатрларда, сауықханаларда, 0,5 АЕК
- барларда, бистроларда, асханаларда, ашық алаңдарда, ойын аттракциондарында және басқа да қоғамдық орындарда орындағаны үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 20 қазандағы

N 1083 қаулысымен

бекітілген

Туындыларды көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары

Р/с| Туындыларды пайдалану түрі | Авторлық сыйақының ставкалары
N | | пайызбен

1. Жарыққа шыққан туындыларды 1% (кірістің жалпы сомасынан) эфирге хабарлағаны үшін

2. Жарыққа шыққан туындыларды 3% (кірістің жалпы сомасынан) кәбіл бойынша хабарлағаны үшін

3. Туындыларды жерсеріктік 4% (кірістің жалпы сомасынан) телевизия арқылы хабарлағаны үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 20 қазандағы

N 1083 қаулысымен

бекітілген

Туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары

1. Туындыларды дыбыстық жазуда қайта дыбыстық жазудың әрбір шығару (көбейту) және (немесе) шығарылған данасының еркін тарату бағасынан (дыбыстық жазу тасушыларына жазылған туындылардың санына қарамастан) - 3%
2. Туындыларды ұялы (ұтқыр) туындыны пайдаланғаны үшін телефондар үшін әуен (рингтондар) кірістен - 10% ретінде қайта шығару және тарату
3. Дыбыстық жазуларды және (немесе) 1 АЕК дыбыс-бейнежазу туындыларының даналарын прокатқа (жалға) беру

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 20 қазандағы
№ 1083 қаулысымен
бекітілген

Дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығарғаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкалары

Ескерту. Қаулы ең төменгі ставкалармен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 26.06.2019 № 445 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Дыбыстау-бейнелеу жеке мақсатта қайта шығару	Пайызбен алғандағы авторлық сыйақы ставкалары
1.	Қайта шығару үшін пайдаланылатын жабдықтармен материалдық жеткізгіштерді дайындайтын адамдар төлеуге тиіс дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару (жабдықтар мен материалдық жеткізгіштер бірліктерін өткізу бағасынан)	0,35
	Қайта шығару үшін пайдаланылатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштерді импорттайтын адамдар төлеуге	

2.	тиіс дыбыстау-бейнелеу туындыларын автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығару (жабдықтар мен материалдық жеткізгіштер бірліктерінің кедендік құнынан)	0,35
----	--	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК